Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

ШАҒЫМ

"Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы" мемлекеттік мекемесі жариялаған 3008772-ГСЗ1 конкурстың № 22447865-ГСЗ1 және № 22447757-ГСЗ1 лоттарында жеңімпаздарды анықтауда конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің жобасын бағалауда біршама заңсыздықтарға жол берген:

Конкурстық құжаттаманы ашып қарау кезінде: 2006 жылдың қараша айында тіркелген «Даму» ЖҚБ құжаттарын дұрыс санамай конкурсқа қатысуға рұқсат етпеген. Біріншіден, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда жұмыс тәжірибесі 12 жылды құрайтын «Даму» ЖҚБ, Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкес келмейді деп көрсетіп, конкурсқа қатысуға аталған мекемені жібермеген. Ал «Даму» ЖҚБ берген өтінімінде Тапсырыс берушімен қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары тізіліп жазылған және Қағиданың 233-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпаратта: «Даму» ЖҚБ аталған жобаларды жүзеге асырған жұмыс тәжірибесі жоқ деп көрсеткен, ал аталмыш мекеме бұл саладағы екі жыл жұмыс тәжірибесін дәлелдейтін конкурстық құжаттамаға қоса тіркеген болатын. Сол себептен біздің мекемені ешқандай негізсіз конкурсқа қатысуға жол бермей жатыр бұл мекеме.

Біздің ұсынған құжаттаманы барынша егжей-тегжей тексеріп, әділ шешім қабылдауларыңызды өтінеміз. Егер қабылданған шешім жауабы әділ болмаса, «Даму» ЖҚБ жоғары тұрған басқа да инстанцияларға шағым жазатынын ескертеді.

Құрметпен,
«Даму» ЖҚБ Президенті **А. Елибаева**